

## №2 Мәртөк мектеп – гимназиясы

"Жалпыға білім беру" қорынан болінген қаржыға бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың дұрыс тамақтануын және тамақтану сапасын қадағалау мақсатында Бракеражды және мониторингтік комиссия отырысының

### №1 ХАТТАМАСЫ

Күні: 28.09.2022ж

Қатысқаны - 5 адам

Комиссия мүшелері:

- 1.Айтназаров М.Ш.- мектеп директоры
- 2.Алманова Э.- медбике
- 3.Рублева Н.- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 4.Ерманов К. - мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы
- 5.Абтиева А.- әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде:

- 1.Бракераж комиссиясының құрамымен таныстыру.
2. Бракераж комиссиясының мақсаты мен міндетін қарau.

Тындалды:

**1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Айтназаров М.Ш. сөз алды:**  
2022-2023 оку жылында мектеп асханаы жұмысының және балалардың тамақтануының дұрыс үйымдастырылуын бақылау мақсатында, асхана жұмысын бақылау мақсатында бракеражды және мониторингті комиссиясы төмөндегі құрамда бекітілді.

Осы комиссия мүшелері асханаға келген тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақталу мерзімдері мен жағдайларын, дайындау технологиясына, ас блогының санитариялық жағдайына бақылау жүргізетіндігін және 2022-2023 оку жылында өнім беруші - ИП Абилова Гульнара Даултаевна болып қалатынын айтты.

**2-ші мәселе бойынша мектеп медбикесі Алманова Э. сөз кезегін алды:**  
Бракераж комиссиясының негізгі міндеттері:


- Тамақтан уланудың алдын алу.
- Асқазан-ішек ауруларын болдырмау.
- Тамақтың дайындалу техникасын қадағалау.
- Тамақтандырудың толыққанды үйымдастырылуы, түрінің, тізімінің көбейтілуі.

Бракераж комиссиясы өз қызметінде СанПин талаптарын, рецепт жинақтарын, технологиялық картаны, берілген ережелер бойынша басшылыққа алады. Бракераж комиссиясы тамақтың дәмін татып, оның бағасын беріп, нәтижесі журналға жазылып, таратуға рұқсат берген жағдайда ғана, тамақ таратылады. Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі, сыртқы түрі, түсі, иісі, құрамы, қаттылығы, шырындылығы міндетті түрде жазылуы тиіс екенін және айна 1 рет бақылау жүргізілетінін айтты.

Шешімі:

- 1.Ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен нормага сәйкестігі, дайын тағамның қалориясы күнделікті қадағалансын.
- 2.Комиссия отырысы отіліп, қорытындысы әкімшілік жиналыста қаралсын.

- 1.Айтназаров М.Ш.
- 2.Алманова Э.
- 3.Рублева Н.
- 4.Ерманов К.

Хатшы:  Абтиева А